



СЫРТҚЫ БАРЛАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Елбасы Қазақстан Республикасының «Сырбар» сыртқы барлау қызметінің директоры Ғабит Байжановты қабылдады.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы сыртқы барлау қызметінің биылғы 6 айда атқарған жұмысының негізгі нәтижелері және бұған дейін берілген тапсырмалардың орындалуы жөнінде мәлімделді.

Нұрсұлтан Назарбаев көрші мемлекеттермен достық қатынастарды сақтаудың маңыздылығын атап өтті. Шет елдердің арнаулы органдарындағы әріптестермен тығыз ынтымақтастықта болу қажет. Террористік идеяларды ұстанатындарды, соның ішінде Сириядан оралған адамдарды ұдайы бақылауда ұстау керек. Бұл сіздер атқаратын жұмыстың негізгі бағыты саналады, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы кездесу соңында бірқатар нақты тапсырма берді.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫ



Қазақстан Республикасының Президенті
Президент Республики Казахстан

АСТАНА, АҚОРДА

26 / 08 / 2018

Қызылорда облысының әкімі
Қ.Е.Көшербаевқа

(Сейіпбек Шаухаманов марқұмның отбасы мен жақын туыстарына табыстау үшін)

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Сейіпбек Шаухамановтың дүние салғанын естіп отырмын. Ауыр кайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

Сейіпбек Шаухаманұлы көптеген жоғары лауазымды қызметтер атқарып, өңір басшысы, Парламент депутаты болып істеп, еліміздің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосқан азамат еді. Ол өзінің ұйымдастырушылық қабілетін, бар білімі мен мол тәжірибесін туған елін көркейткісі, тәуелсіздігімізді нығайту ісіне арнап, аянбай еңбек етті. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғам өмірінен қол үзбей, облыстық Ардагерлер кеңесінің жұмысына басылық жасады. Еселі еңбегімен, бойындағы зор адамгершілік қасиеттерімен жұртшылықтың құрметіне бөленді. Халқымыз оның есімі мен жарқын бейнесін ұмытпайды деп ойлаймын.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

Нұрсұлтан Назарбаев

Нұрсұлтан Назарбаев

Мемлекет және қоғам қайраткері Сейіпбек Шаухамановтың қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі В.Сарғантаевтан, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қ.Тоқаевтан, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Н.Нығматуллиннен, Мемлекеттік хатшы Г.Әбдіхалықовадан және Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен барлық облыс әкімдерінен көңіл айту жеделхаттары келіп түсті.

ҮЛГІ I

ҰСТАЛЫҚ ПЕН БАҒБАНДЫҚ ҚАТАР ҚОНҒАН



Сыр бойы

№128
(1961)
28 ТАМЫЗ,
СЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ



BÜGING SANDA

**ӘРБІР
ЖЕТІСТІК –
ЕЛ ЕНБЕГІНІҢ
ЖЕМІСІ**

2 >>>



**АБЫЗ АДАМ
АҚЫРЕТКЕ
АТТАНДЫ**

3 >>>



**«КАФКА»
ВИРУСҚА
МЫҚТЫ
ТОСҚАУЫЛ
БОЛМАҚ**

4 >>>



КЕН БАЙЫТУ – КЕМЕЛДЕНУ ЖОЛЫ

Жаңақорған ауданындағы «Шалқия» кен орнында салынып жатқан кен байыту комбинаты жылына 4 миллион тонна руданы өндіріп жоспарланған. Оның құрылысы 2021 жылы пайдалануға беріліп, толық күшінде жұмысқа кірісуге тиіс. Ең бастысы – аталған комбинатта 3 мың адамға дейін жұмысшы-қызметкер еңбек етеді. Оның басшысы, әрине, Сыр өңірінің азаматтары болуы тиіс.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасында қорғасын мен мырыш өндіре бастаған «Шалқия» кеніші әлемдегі ірі кен орнының біріне айналды. Кешегі тоқырау жылдары базары тарқап, мамандары жан-жаққа тараған кеніштің жұмысын қайта орлету үшін соңғы жылдары мақсатты шаралар қолға алынды. Елбасы тапсырмасына орай, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев байырғы «Шалқияны»

жаңа өнеркәсіптік негізде қайта жаңғырту жолында ізденісті жұмыс ұйымдастырғандығы белгілі. Оның нәтижесі де көзге көріне бастаған сұнайды. Жерасты қазбаларын игере отырып, оны әлемдік рынок сұранысына сай байыту мақсатында облыс территориясындағы «Шалқия» кеніші «Қазақстан Республикасы Тау-Кен өндірісінің ігерушісі» 2014-2018 жылдарға арналған кешенді жол картасына енгізілген. Осы орайда кеніш іресінде салынып жатқан кен байыту комбинатының құрылысына инвестициялық қаржы тарту мақсатында Еуразиялық Банк өкілдігі және «Тау-Кен» Самурық АҚ басшылығы арасында 350 миллион АҚШ долларына келісімге қол қойылған болатын. Осы шарт негізінде күрделі құрылыстың кезеңді жұмыстары қарқын алып келеді. Онда жұмыс алаңдарына газ құбырларын тарту, кен сақталатын қоймаларды жаңа талапқа сай жаңғырту және

біраз жылдан бері еңбек етеді. Ал шахтаішілік көлік жұмысшысы Жасұлтан Өсеров жақсы маман болып үлгерді.

«Біз кеніштің қайта жұмыс істей бастағанына қуанып отырмыз. Басқа қалаларға жұмыс іздеп кетіп қалған көптеген жас шалқиялықтар қазір қайта оралып, кенішке жұмысқа орналасуда. Бұл байырғы кәсіпорынның қайта өркендеуіне, тұрмысымыздың жақсара түсетініне сенім береміз» – дейді Жасұлтан.

Аймақтағы металлургияның негізі болып саналатын «Шалқия» кенішінің өркендеу, дәуірлейтін шағы да алын емес. Бұл мақсатта қолға алынған ірі жоба кен байыту комбинаты оны елдегі алдыңғы қатарлы тау-кен кәсіпорындарының біріне айналдырады.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы,
Шалқия кеніші.

Ақтан батыр ауылының тұрғындары бағбандық кәсіпке ертеден машықтанған. Кенес өкіметінің тұсында ХХІІ партсъезд атындағы кеңшар аталған елді мекеннің атағы күршіс егіп, мол өнім алумен аймаққа танылды. Ұзақ Оралбек басшылық жасаған сол кезеңдерде Жұмағали Өтепбергенов, Социалистік Еңбек Ері Әбуша Дүнісмамов, басқа да ел ағалары ауыл даңқын шығаруға сүбелі үлес қосты. Сүйсінерлігі, осындай ізгі үрдіс қазір де жалғасын табуда.

Бағбандық пен ұсталық кәсіпті тел меңгерген ауыл азаматының бірі – Мәлік Балтабекұлы Махамбет. Мәліктің шеберлігі, шаруасына пісетіндігі, кез келгеннің қолынан келе бермейтін бағбандығы көрші ауылдарға да жақсы мәлім. Оның ауласына бас сұққаннан бойыңыз сергіп, жансарайыңыз ашылып сала береді. Жасыл желегі жайқалған жеміс ағаштары, алуан гүлдер, жапырағын самал тербеген саялы талдар, түрлі өскіндер бәрі табылады. Мұнда жүзімнің, алманың көптеген сорты, алмұрт, шие, өрікті көргенде өзіңізді табиғаты қытымыр Қазалыда емес, теңіз жағалауындағы шиша-жайда жүргендей сезінетініз анық. Аула ішіндегі Мәліктің шебер саусақтарымен жасалған қалың жүзім шоғырымен жабылған киіз үйдің пішіні, еріксіз тандай қақтырады.

Махамбет әулеті – осы ауылдағы іргелі шаңырақтың бірі. Мәліктің өзі Ресейдің Магнитогорск қаласында дүниеге келген. Қалайша деісіз бе?! Айтайын. Өткен ғасырдың орта шенінде Мәліктің әкесі Балтабек пен анасы Набат апамыз туыстарының шақыртуымен осы қалата қоныс аударыпты. Кейін ата қоныстарына көштерін қайта бұрғанға ұқсайды. Біздің кейіпкеріміз болса осы ауылдағы мектепті бітіріп, әскери борышын Түрікменстанда өтеген. Еңбек жолын бірқатар құрдастарындай күршіс болып бастаған ол нарық бұған тұста көп абыржыған жоқ. Әрине, қиынған шағы да кездесті. Десе де Балтабектің ұлдары «төртеу түгел болса, төбеге келеді» қағидасын ұстанды. Ен бас-

тысы, ауызбіршілік таныта білді. Осылайша ағайындар ұжымдасып, Жайықбай жазығынан күнделікті халық тұтынатын дақыл екті. Алғашқы жылы бақшадан көл-көсір өнім жинады. Өздерінің ішіп-жемінен ауысқан сөбіз, картоп, жуаны сатып, қыруар пайда тапты. Осы сәттілік бірнеше жылға созылды.

Мәліктің басқа да қыры жетіп артылады. Ол – он саусағынан өнер тамған шебер.

Қазіргі таңда Мәлік Махамбет балаларымен бірге жеміс-жидек, көкөніс егіп, өнімін өткізіп ризықтарын табуда. Түрлі бұйымдар жасап, жалға беруді кәсіп көзіне айналдырған. Ел арасында Мәлік қолдан жасаған гөрелка, әсем жабдықталған шатыр (палатка), қазан-ошақ, тиган, жер үстелдер, киіз үйлерге сұраныс жоғары.

Ауласында жайқала өсіп тұрған қызыл, көк, қара түсті жүзім, қара өрік, сары өрік, алмұрт, жергілікті шағын алма, көк апорт, сары апорт, шабдалы, шие, жидек ағаштары алыстан жанарыңды арбайды. Оны айтсаңыз, Қазалыда көп кездесе бермейтін бірнеше түр грек жаңғағының ағашы үй иесінің нағыз майталман бағбан екенін айғақтайды. Айтпақшы, аулада қалың өскен сіпсе де (сіпырғыш буылады) бар. «Таныстарым ауылдық жерге сыпырғыш қажет деген соң, сіпсе ектім» деп қалжыңдайды екен. Талабы таудай азаматтың еңбегі, міне, осындай үлгі.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы,
Ақтан батыр ауылы.

ЕГІН-2018 I

«Халық» күрішке орақ салды



Шиеліде күріш орағы басталды. Аудандық озаттар қатарынан көрініп жүрген Н. Бексезанов ауылындағы «Халық» шаруа қожалығы биылғы жылдың «Алтын орағын» сәтті бастап, өзге әріптестеріне үлгі көрсетті.

Күріш орағының басталу рәсімінде аудан әкімі Әшім Оразбекұлы құттықтай сөз сөйлеп, диқандар еңбегіне береке тіледі.

Елбасы Жолдауында: «5 жыл ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімнің экспортын, тиісінше, кем дегенде 2,5 есеге арттыруды тапсырамын», – деп атап көрсеткен болатын. Мұны өз дәрежесінде орындау мақсат. Бірінші кезекте агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін майда шаруашылықтармен жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуетін пайдалана отырып, өндіріс көлемі мен экспортты арттыру керек. Екіншіден, жаппай нәтижелі жұмыспен қамтуды аудан басшылығы дүріс жүргізе білді. Осыған сәйкес, ауданда 201 майда қожалық пен 311 дара кәсіпкердің бірігуімен 37 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Ал, биылдың өзінде 6 кооператив құрылып отыр.

Шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Оразымбетов, «Халық» шаруа қожалығының төрағасы Халықберді Мықанов лебідірі білдірді. Белгілі айтыскер ақын Ержан Әміров жырдан шашу шашты.

Комбайн алқап бойымен зиярғи жөнелгенде мұндағы астық көлемінің молшылығына сүйсінгендер «ырзық мол болсын!» десіп, үлкендері ақ батасын беріп жатты. Аудан өнерпаздары қойған концерттік шара меймандар мен егіншілердің көңілін серпілтіп.

Н. НАЗЫМХАНҰЛЫ.

Қызылорда облысы бойынша 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған мерекелік ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның атауы	Орындалу мерзімі (күні, айы, уақыты)	Өткізілетін орыны	Жауапты орындаушылар
Мерекелік шаралар				
1	«Қазақстан Республикасының Конституциясы – қоғам мен мемлекетті жаңғыртудың құрылымдық негізі» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция	28 тамыз сәт. 11.00	Облыстық мемлекет үйі мәжіліс залы	Облыстық ішкі саясат басқармасы Қорық ата атындағы ҚМУ университеті (сөзсіз бойынша), «Нұр Отан» партиясының Қызылорда облыстық филиалы (сөзсіз бойынша) «Мәртебелі Қазақстан» ҚҚ
2	«Ата Заңым – абырой, дәстүр, арым» атты ҚР Конституция күніне арналған мерекелік кеш	28 тамыз сәт. 11.00	«Мүгедектерге арналған оқулық орталығы» ҚММ	Облыстық жұмыспен қамту және үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы
3	Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне мерекелік қойылым-концерт	29 тамыз сәт. 16.00	Аудандық мәдениет үйі	Арал ауданының әкімдігі
4	Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне мерекелік қойылым-концерт	29 тамыз сәт. 11.00	Қазалы қаласындағы мәдениет үйі	Қазалы ауданының әкімдігі
5	Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне мерекелік қойылым-концерт	29 тамыз сәт. 17.00	Аудандық мәдениет алаңы	Қазалы ауданының орталығы
6	Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне мерекелік қойылым-концерт	29 тамыз сәт. 15.00	Салтанат сарайы	Шиелі ауданының әкімдігі
7	Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне мерекелік қойылым-концерт	29 тамыз сәт. 10.00	Аудандық мәдениет үйі	Сырдария ауданының әкімдігі
8	Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне мерекелік қойылым-концерт	29 тамыз сәт. 17.00	Аудандық мәдениет үйі	Жаңақорған ауданының әкімдігі
9	Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне мерекелік қойылым-концерт	29 тамыз сәт. 17.00	Аудандық мәдениет үйі	Жалағаш ауданының әкімдігі
10	30 тамыз – Конституция күніне арналған салтанатты шара	29 тамыз сәт. 14.30	Н. Бексезанов атындағы облыстық музыкалық драма театры	Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы
11	ҚР Конституциясы күніне арналған және мерекелік концерт	29 тамыз сәт. 16.00-23.00	Реміздер алаңы – Тұныш Президент саябағы – Жібек жолы-Байұршынов-Тағам алаңы-Қалалық мәдениет және демалыс паркi	Қызылорда қаласының әкімдігі
12	«Айбары асқар елді асқарлар» атты мерекелік мәдени шара	30 тамыз сәт. 19.00	Орталық алаң	Қызылорда қаласының әкімдігі

SALTANAT

ҚҰҚЫҚТЫҢ БОЛАТ ҚОРҒАНЫ



Қызылордадағы «Мемлекеттік рәміздер» аллеясында Конституция күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған облыстық ішкі істер департаментінің басшылығы, жеке құрамы, ішкі істер органдары ардагерлері мен облыстық ішкі саясат бақармасының мамандары қатысты.

Мерекелік жиын басталар тұста еліміздің Әнураны шырқалып, ортаға Мемлекеттік туымыз әкелінді. Сонан соң Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Қалмұханбет Қасымовтың құттықтау хаты оқылды.

Шарада облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасары Жарас Оспанов жиылған қауымды мерекемен құттықтап, Конституция күнінің полиция қызметкерлері үшін ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

Салтанатта кәсіби біліктілігінің арқасында жақсы көрсеткіштерге қол жеткізген ішкі істер органдарының бірқатар қызметкерлері марапатталды. 20 жас полицей ант қабылдады. Аға буын атынан сөз сөйлеген қалалық ішкі істер бөлімі ардагерлер кеңесінің төрағасы Жақсылық Алмағанбетов қызметке кіріскен жастарды құттықтап, бо-рышын абыроймен атқаруларына тілектер білдірді.

Мерекелік шара жеке құрамның салтанатты шеруімен аяқталды.

А.АҚЫЛБЕКОВ.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

БАЛАҒА МЕЙІРІМ СЫЙЛА!



Жүрегіңде жылуы бар жандар өзгелерге қамқор болып жүреді. Көбіне мұндай адамдарды қайырымдылық шаралардың бел ортасынан кездестіреміз. Бүгінде олар «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына да үлестерін қосуда.

Игі бастама облыс бойынша ҚАЗЖ департаментіне қарасты ЗК-169/1, ЗК-169/4, ЗК-169/5 мекемелерінде жалғасты. «Валаға мейірім сыйла» үндеуімен өткізілген шарада балаларға мектепке қажетті киім-кешек пен құрал-жабдықтар берілді. Ақцияда әлеуметтік көмекті қажет ететін және көпбалалы отбасынан шыққан 10 оқушыға мектепке керекті оқу құралдары салынған сөмкелер мен оқушылар киімі табыс етілді.

Балаларының жүзіндегі қуанышты көрген ата-аналар ұйымдастырушыларға ризашылықтарын жеткізді.

«СБ» ақпарат.


КӨЛ БЕТІНДЕ ШАБАҚ ШАПШЫП

Балық қорын мөлайтуды көздегітін инспекция мамандары су айдында-рына балық жібегуді бастап кетті.

Су объектілеріндегі балық шаруашылығын мелиорациялау жұмыстарына балықтардың қырылуына қарсы іс-шараларды жүргізу, сонң ішінде қыс мезгілінде мұз шұңқырларын бұрғылау және мұзайықтарын ою жатады. Сонымен қатар, қатты өсімдіктерден тазалау, балықтардың уылдырық шашу жерлеріне өтуін қамтамасыз ететін түптерді тереңдету және жасанды уылдырық шашу жерлерін жайластыру, балықтың қырылу қаупі бар бөлектенген су айдындарынан оларды қорғауға алу қажет.

Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы және балық шаруашылығын жүргізіп отырған табиғат пайдаланушылармен бірлескен жұмыстар атқарылады. Жыл сайын күршітік алқаптардан, қашқан су айдындарынан көптеген балық түрлерінің шабақтары ақт жасалып, бейне-суретке түсіріліп, көлдерге жіберіледі. Мысалы, бытыр Қазалы ауданы «Мақсатбай» ШҚ-мен Өркенде ауылының күршітік алқабынан 12800 дана домандаңды, 13500 мөңке, 1130 ақ амур, 8650 сазан және 6900 дана торта шабақтары «Ақкөл-Ерде» көліне жіберілді. Адам ағзасындағы витаминдерінің 60 процентін құрайтын құнды байлығымызды құтқару бүгінгі күні де жалғасын табуда.

Р.СЕЙТМҰРАТОВ, облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бөлім басшысы.



IZDENIS IGILIKTERI

Дастан АЙТБАЙ: «КАФКА» ВИРУСҚА МЫҚТЫ ТОСҚАУЫЛ БОЛМАҚ

Сыр елінің жас талантты алғаш рет әлеуметтік желідегі вирустарға қарсы қорғаныс жүйесін ойлап тапты. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің тәлімгері Дастан Айтбай өзі жасаған жүйесі вирусқа мықты тосқауыл болатынына сенімді. Бұл хакерлердің жемтігіне айнала қоймайтын жоба ретінде бағаланып отыр.

Әлеуметтік желіде вирус тарататын сілтеме өте көп. Оларға қарсы антивирус жасалғанымен, көп ұзамай оны жойып жіберетін өзге вирус пайда болатыны баршаға аян. Осы мәселенің шешімін тапқан Дастан бұл еңбегімен республикалық байқауларға қатысып, жүлделі оралып қайтты.

– Алматы қаласында өткен IT саласы мамандарының байқауында өз жобаныңды қорғадыңыз. Жобаның ерекшелігі неде?

– Көктемде «Alma you management university» ұйымдастыруымен өткен сайыста «Кafka» атты ақпараттық технология саласында өзекті тақырыпты талдап, аталған жобаны өзіндік жүйеге келтіру жайлы ұсыныс тастаған едім. Сөйтіп, ақпараттық қауіпсіздікті сақтаудың жаңа формасын құрастырдық. Франц Kafka

есімді жазушының өмірлік ұстанымын негізге алып, жобамды «Kafka» деп атадым. Жобаның басты ерекшелігі – хакердің өзіне дәл сол шабуыл тізбегін кері қайтарып, өзін әлсіз етуде. Яғни, жіберілген вирус бұрынғы «ұясына» барып, арқалап келген жүгі арқылы өзін-өзі жойып жібереді. Жобаны келешекте дамытып, түрлі вирустың таралуына кедергі келтірмекімін.

– Бұл салаға қызығушылығыңыз қалай оялды?

– «Қорғаныс – утопия» яғни, елес тәртізді. Бұрын қорғаныс де-

генге сенбейтін едім. Ақпараттық технология ғана емес, жалпы, өмірде де солай. Осы ойымды өзгерткен IT саласы болғандықтан, қызығушылығым оялды. Зерттей келе, болашағымды осы саламен байланыстырамын деп шештім.

– Бүгінде жұмыс компьютерлері вирусқа толы, бұл алаңсыз жұмыс істеуге кедергі. Антивирустардың көбінің көмегі тимей жатады...

– Әрине, «youtube» немесе өзге де сайтты ашсаңыз, жарнамаға толы екенін көресіз. Іздеген зат өзі-ақ алдымыздан шыға келеді. Бұның бәрі трояндық вирус екенін аңғара

бермейміз. Бұл вирустық тізбек адамнан қаражат алу мақсатында қолданылады. Мұндай вирустан құтылуға, оны көрмеуге тырысыңыз. Бір рет байқамай ашқанның өзінде, ұялы телефонның немесе компьютердің жұмысын баяулатады.

– Ал, компьютер, веб-сайтты хакерлік шабуылдан қорғауда қандай тіл қауіпсіз?

– Шетел жаңалықтарына мән берсек, хакерлер 2 млрд АҚШ долларын ұрлапты немесе ЦРУ базасына шабуыл жасалды дегенді жиі естиміз. Мұның барлығы АҚШ-та хакерлік жүйе жақсы дамығанын аңғартады. Десе де, сайттың жұмысына

кедергі келтіру немесе жою, ол – өнер емес, нағыз қылмыс. Тіпті өзге елде хакерге сайтты бұзғаны үшін 3-7 жылға дейін бас бостандығынан айырады. Біздің жас мемлекетіміз мұндай дәрежеге жеткен жоқ. Өйткені бізде мықты хакерлер жоқтың қасы. Ал біздің мақсат – аталған хакерлік қылмысқа қарсы тұру. Осы тұста «C++sharp» компьютерлік бағдарлама тілінің негізінде сайт жасаған абзал. Өйткені, бұл тіл – қауіпсіз әрі қиын тілдің бірі.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы».

МАҰСЫМ

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҰТЫМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Жаз жайнатып, күн күлдірген балалардың үш ай демалысы да әнеміне дегенше түгесілді. Балғындардың бірі бұл күндерін ата-әжесінің ауылында алаңсыз асыр салып өткізсе, енді бірі тынығу лагерлерінде болып, жан-жақтан жиылған жеткіншектермен бірге қызықтады. Келесі бір бөлігі ата-аналарымен өзге қалаларға қыдырып қайтқаны анық.

Балалардың жазғы демалысын тиімді өткізуге жыл сайын облыс, аудан әкімдіктері мен тиісті басқарма тарапынан қажетті көңіл бөлінетіні белгілі.

Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, биыл аймақта 1-10 сынып аралығында 140 464 баланың 136 160-ын (2017 жылы – 128 966) жазғы тынығу түрлерімен қамту жоспарланған. Ол барлық оқушылардың 97%-ін құрайды. Өткен оқу жылында бұл көрсеткіш 95% болған.

Балалардың жазғы демалысы қала, аудан сыртындағы 9 лагерьде ұйымдастырылды. Оларда 9327 бала тынықты. Мектептердің базасында жұмыс жасайтын күндізгі лагерьлерде 64,3 мың баланы қамту жоспарланған. Ыстық тамақпен қамтамасыз етілген 275 күндізгі мектеп жанындағы лагерьде 20 856 оқушы және ыстық тамақсыз 275 мектеп жанындағы лагерьде 43 422 оқушы демалды.

Сондай-ақ, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ата-аналар және



демеушілер есебінен 15 803 оқушы басқа өңірлерге экскурсиялар мен саяхаттарға жіберіліп, басқа да жазғы тынығу шараларымен қамтылды. Атап айтқанда, «Райым бекінісі», «Теміршітау» және «Қазанғап», Ақшатауда «Жақайым ата» кесенесі, Жанқожа батыр, Жалаңтос баһадүр кесенелеріне, Жанкент, Сараман-қоса, Сырлыбай хан, Ақишан тарихи орындары, Қорқыт ата кесенесі, Сау-

ран, Қалжан ахун, Қожа Ахмет Яссауи, Жент, Отырар қалалары және Астана, Көкшетау, Түркістан қалаларының тарихи орындарына саяхат жасады.

Әлеуметтік аз қамтылған топтар бойынша 23 458 бала қала, аудан сыртындағы, мектеп жанындағы лагерьлермен, тарихи орындарға саяхаттар-

демалса, «Сырдария» лагерінде – 1050, еліміздің өзге өңірлеріндегі лагерьлерде – 3362 жеткіншек, қосымша жеке оқу орталықтарында – 5041 өрен демалысын өткізген. Сондай-ақ, аталған мерзімде Арыстанбаб, Қожа Ахмет Яссауи кесенелеріне, Астана қаласына, Қорқыт ата кешеніне, қаламыздың 200 жылдығына орай мұражайлар мен мәдени ескерткіштерге саяхаттар ұйымдастырылып, онда 1328 бала қамтылған.

Бұдан бөлек, облыс көлеміндегі тынығу лагерлеріне де қала оқушыларының демалуына мүмкіндік жасалған. Атап айтқанда, Қамбашқа – 122, «Талдысуға» – 16, «Тау самалына» – 37, «Арай-Санрайз» лагеріне 900 бала барған.

Биылғы жылдың ерекшелігі, «Қызылорда облысының 2018 жылға арналған балалардың жазғы каникул кезінде сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары» қабылданды.

Жоспарға сәйкес, барлық лагерьде түрлі деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға облыстық қоғамдық денсаулық сақтау, төтенше жағдайлар департаменттері, денсаулық сақтау, білім басқармалары жұмылдырылып, барлық лагерьлер, саяхаттар, аулалық клубтар қатаң бақылауда болды. Оларға заңға сәйкес мониторинг жүргізіліп, кемшіліктер уақытылы жойылған.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде 2018 жылдың 1 қазанында қалааралық «Қазалы Керуені» автовокзалы ашылды.

Автовокзал ғимаратының ішінде – сауда орындары, аумағында – сауда павильондары, техникалық жөндеу станциялары жалға (оның ішінде сатып алу құқығымен) беріледі. Қала-аудандық көлік-такси, микроавтобус көліктеріне автотұрақ бойынша сұраныс бірінші кезекте ескеріледі.

Байланыс телефондары: 8(7242) 26-37-87; 8 775 392 12 56; 8 700 111 67 59; 8 702 224 31 33; E-mail: kazaly-keruen@mail.ru

(10-10)

КІРІННІ САТЫЛАДЫ. Қызылорда қаласында украиндық құралмен жабдықталған M-125 маркалы қатпарлы кіріпші сатылау. Өлшемі 250x120x88 мм, 250x120x65мм. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

(12-11)

«Сыр бойы», «Қызылординскіе весті», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басшыларына хабарландыру орналастырыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Жарамсыз деп есептелсін. Джаналиева Курбангулдің атына Қызылорда қаласы, Қызылжарма тұрғын ауданы-2, 11 көше, №71 учаскесіне 19.03.2014 жылы берілген №0228302 жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, облыстық «SENIM» кәсіподақ ұйымы медицина саласының ардагері Ердуластов Бектас Ізетұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. *** Қызылорда облыстық Н.Бекжанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының ұжымы театр қызметкері Мергенбаев Қайырмағанбет Қосайұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Кезекші редактор Айнұр БАТТАЛОВА.